

«Тексерілді»  
«Балбөбек» жекеменшік  
шағын орталығының  
әдіскері Г.К.Сағпазова

## Ұйымдастырылған қорытынды іс- әрекет

Тақырыбы: «Қарым- қатынас әліппесі»

Өткізген: №3 ересек «Ботақан» тобының тәрбиешісі А.Қарасаева

2022/2023оқу жылы

## Ұйымдастырылған қорытынды іс- әрекет

Тақырыбы: «Қарым- қатынас әліппесі»

Мақсаты: Балалардың отбасы туралы түсінігін бекіту.Отбасындағы адамдар арасындағы қарым- қатынас жайлы ұғындыру.

Отбасына байланысты сөздермен балалардың сөздік қорын байыту. Өлең, тақпақтар, мақал- мәтелдер үйрету арқылы ой- өрістерін, тілдерін дамыту.

Балалардың өз отбасы мүшелеріне сүйіспеншілігін оятып, мейірімділікке тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: Ата- ана, отбасы мүшелері.

Әдіс- тәсілдер: Сұрақ- жауап, әңгімелесу, көркем сөз қолдану. Отбасы туралы суреттерді қарастыру, отбасы туралы бейнеслайд көрсету, әңгімелесу, пластинография әдісін пайдалану, манка жармасын қолдану.

Қорытынды іс- әрекеттің барысы:

Балалар қол ұстасып тұрып А. Асылбековтың «Жанұя атты өлеңін тәрбиешімен бірге қайталайды.

Сенде де бар жанұя,

Менде де бар жанұя,

Балықта да, малда да,

Құстарда да, аңда да,

Үлкенде де, кішіде де,

Жанұя бар, әрбір кісі де.

Жанұя бары шуақ қой

Қуаныш пен қуат қой.

Санамақ: Отбасында кімдер бар?

Кел, санайық балалар,

Бас бармағым- атам,

Балан үйрек- анам,

Отан тирек- ағам,

Шылдыр шүмек- мен,

Кішкене бөбек- сен.

Бір үйде біз нешеуіміз?

Бір үйде біз бесеуіміз.

Физотерапия. «Өзім мен өзім»

Балалар бәріміз жайғасып отырып, көзімізді жұмып,өзіміздің отбасымызды, яғни тату- тәтті жанұямызды көзіміздің алдына елестетейік. Барлығымыз демалыс күні үйдеміз. Отбасы мүшелері түгел үлкен дастархан басына жиналды деп ойлайық. Бәріміздің жүзімізде қуаныш, бір- бірімізге сүйіспеншілікпен, сыйластықпен қараймыз. Біздің қуанышты сәтімізге ортақтас күн сәулесі де үй ішін жылы шуаққа бөлейді. Қандай тамаша, қандай қуанышты күн!

Ал енді, балалар, көзімізді жайлап ашып, өзіміздің ойымызды, жүрегіміздегі сезімдерімізді бөлісейік. (Балалардың жауаптары тыңдалады)

Әңгімелесу: Әр бала өз отбасы туралы бейнеслайд арқылы әңгімелейді. (Ата- анасының, бауырларының аты- жөндері, жақсы қасиеттері туралы айтып береді)

3- ойын: Ананың көмекшілері. Әуен ойналады. Балалар шеңбер жасап тұрып үй тазалау құралдарын әуенмен бір-біріне жалғастырып береді. Әуен тоқтағанда кімнің қолында тұрса, сол бала құралдармен жұмыс жасап көрсетеді.

Енді балалар отбасы туралы мақал-мәтелдер білеміз бе?

1. Перизат.

Әке ақылы-бұлақ, ана ақылы-шырық, аға ақылы-көмек, іні ақылы-демеу, бала ақылы-ұшқын.

2. Ерсұлтан.

Отан-отбасынан,

Отбасы-ошақ қасыннан басталады.

3. Аянат

Әке көрген оқ жанар,

Ана көрген тон пішер

4. Т.Айым

Бала ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі.

4. Ойын тапсырма ойнайық «Суретті құрастыр»

Балалар төрт топқа бөлінеді.

1- топ. Ана суретін құрастыру. Балалар қиылған суреттерді 1-10 дейін рет – ретімен қойып, пиццаны құрастырады..

2-топ. Әкенің суретін құрастыру. Геометриялық пішіндерден үй жапсырады..

3- топ. Балалың суретін құрастыру. Манка жармасын пайдаланып, саусақ арқылы отбасы туралы суретін салады.

4-топ. Әженің суретін құрастыру. Балалар пластинография әдісімен сызықтар бойымен жіптің бейнесін жасайды.

Қорытынды. Тәрбиеші смайликтер арқылы іс-әрекетті қорытындылайды.

**Ұйымдастырылған қорытынды іс- әрекет**  
Тақырыбы: «Қарым- қатынас әліппесі»  
Өткізген: №3 ересек «Ботақан» тобының тәрбиешісі А.Қарасаева

